Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

10 шілде сәрсенбі
№54 (2064)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА…

жаңа заң отандық ғылымға серпін береді

Коллаж ашық дерекқоздан

Жақында «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданды. Жаңа заң отандық ғылымды дамытуда қандай мәселелердің тетігін таппақ? Ғалымдар асыға күткен жаңа құжаттың жаңалығы қандай?

Елдің болашағы ғылымның дамуына байланысты екені даусыз. «Ғылым таппай мақтанба» деп ұлы Абай айтып кеткендей, мемлекеттің негізгі жетістігі оның ғылым саласының деңгейіне байланысты. Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің алғашқы отырысында ғылымды дамыту мемлекеттің негізгі саясатының бірі екенін атап айтқан еді.

– Адамзат тарихындағы жетістіктің барлығы – білімнің жемісі. Әсіресе қазіргі озық технология дәуірінде ғылымсыз алға басу мүмкін емес. Сондықтан мен ғылымды дамыту ісіне айрықша мән беріп отырмын. Осы өзекті мәселе бойынша сайлау алдындағы бағдарламада арнайы өз пікірімді айттым. Себебі ғылымды дамыту – мемлекет саясатындағы ең маңызды бағыттың бірі. Өкінішке қарай, елімізде ұзақ жыл бойы оған баса назар аударылған жоқ. Соған байланысты шешімін таппай жатқан мәселелер аз емес. Тіпті бұл сала артта қалды деуге болады. Біз өркениетті ел боламыз десек, осы олқылықтың орнын толтыруымыз керек, – деді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ұлттық кеңесте Ел Президенті ең алдымен, ғылымды дамытудың жаңа тәсілдерін заң жүзінде бекітіп, мемлекеттің ғылыми-технологиялық және экономикалық саясатының өзара байланысын күшейту қажеттігін айтты. Оның айтуынша, ғылым мен технологиялық саясат туралы арнайы заң әзірлеудің қажеттілігі туындады. Бизнесті ғылымға қаржы құюға ынталандыру үшін салық жеңілдіктері мен инвестициялық преференцияларды «ауқымды шегерімдер» түрінде енгізу қажет. Салық, кәсіпкерлік және бюджет кодекстеріне нақты нормаларды биылдан қалдырмай енгізу керек.

Мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін отандық ғылымға серпіліс беретін жаңа заң қабылданды. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек телеграмм арнасында заңның басты артықшылықтарына тоқталды. Оның айтуынша, бұл құжат ғылымды дамытуға, елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ғылыми жетістіктердің нәтижелерін енгізу жөніндегі технологиялық саясатты іске асыруға, сондай-ақ ғылыми қызметтің стратегиялық, кәсіби және әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған.

«Біріншіден, мемлекеттің ғылыми-технологиялық және экономикалық саясатының өзара байланысы мақсатында идеядан сериялық өндіріске дейінгі ғылыми зерттеулерді іске асыруға ұсынылатын негізділік пен технологиялық дайындықты (TRL) бағалаудың жаңа тетігі енгізілді. TRL ғылыми-өндірістік цикл мен коммерцияландырудың барлық кезеңін қолдауға мүмкіндік береді. Екіншіден, ғылым қорының технологияларды коммерцияландыру жөніндегі ұлттық агенттік ретіндегі мәртебесі кеңейтілді. Бұл ғылым және технологиялар саласындағы бағдарламалар бойынша бірыңғай көпір болып, инновациялық инфрақұрылымдарды қолдауды жүзеге асырады. Үшіншіден, Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығын құра отырып, ғылыми жетістіктерді, инновациялар мен жаңа технологиялар нарығын мониторингтеу мақсатында ғылыми-техникалық ақпаратты жинау, өңдеу және талдау бойынша жаңа тетік енгізілді. Төртіншіден, жас ғалымдар жеңілдікпен тұрғын үй сатып алуға құқылы. Бесіншіден, заң ғылымды басқару құрылымын жетілдіреді. Жергілікті атқарушы органдарға ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, гранттық қаржыландыру нысанында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіру бойынша құзыреттер беру ұсынылады», – деді министр Саясат Нұрбек.

3-БЕТТЕ

Биыл Сабалақ тұрғындары от жағып, күл шығарудан құтылатын болды. Елді мекенге «көгілдір отын» баратын күні де алыс емес. Қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Жеңісбек Файзуллаев журналистерге берген брифингте коммуналдық саланың мұнан өзге де жаңалықтарын айтты.

САБАЛАҚҚА ГАЗ КЕЛЕДІ

Кейінгі жылдары Сырдағы қарқын алған құрылыс қатарында тұрғын үй басты орында. Оны жыл сайын пәтер кілтіне қол жеткізіп жүрген жүздеген тұрғынның қуанышынан-ақ байқайсыз. Түптеп келгенде, аймақта тұрғын үй құрылысы мен халықты баспанамен қамту жұмысы көш бастап тұр.

–Өткен жылы тұрғын үй құрылысын дамыту мақсатында Сол жағалауда 504 пәтерді құрайтын 7 қабатты 6 тұрғын үйдің құрылысы басталған. Бүгінде бұл ғимараттардың құрылыс жұмыстары аяқталып, абаттандыру, сыртқы және ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар қалған 470 пәтерді құрайтын 10 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы да аяқталды. Жыл соңында мыңнан аса пәтер халықтың игілігіне берілмек. Алдағы уақытта жоспарға сай 84 пәтерді құрайтын 7 қабатты 10 тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарына жоба-сметалық құжаттары әзірленуде, – дейді құрылыс бөлімінің басшысы.

Қазіргі таңда «Инженерлік инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасы аясында бірнеше көшелерге электр желісі тартылып, ауызсу, газбен жабдықтау жұмыстары қолға алынған. Мәселен, Арай шағын ауданындағы Мәуелі көшесінің халқы таза ауызсуға қол жеткізсе, «Бәйтерек» ықшам ауданындағы тұрғын үйлер ауызсу және газ жүйелеріне қосылмақ. Ал Жас Алаш және Теректі, Сарысу көшелеріне электр желісі тартылып, Сарысу көшесіне ауызсу желісі де қосылмақ. Белкөл кентіндегі Жерұйық, Сарыарқа, Бірлік көшелеріне жаңадан электр желісі жүргізілген. Сондай-ақ Қызылжарма ауылының 1, 2, 3 ауданында 38,25 шақырымға жететін 35 көшеге қиыршық тас төселген.

Сонымен қатар «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Қызылжарма, Ақсуат, Досан, Қараөзек ауылы және Қараөзек бекеті мен Айнакөл ауылдарындағы тозығы жеткен электр желісі қайта жаңғыртылуда. Ал жаңадан қоныстанған аумақтарға электр желісі тартылып, инфрақұрылым жұмысы жүйеге қойылды.

– Мұнан бөлек аймақтың орталығындағы кәріз желілері де қайта жаңғыртылды. Ол «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Мәселен, Универсам аумағы және Шымбай көшесіндегі сумен жабдықтау және су бұру желісінің қайта жаңғырту жұмысы жуырда аяқталмақ. Қалған орталық бөлікте орналасқан 6,9 шақырымға жететін кәріз желілері де қайта жаңғыртылады. Сонымен қатар Майлықұм көшесінің бойымен 3,88 шақырым ауызсу желісінің құрылысы жүргізіледі, – дейді Ж.Файзуллаев.

Шет аймақ тұрғындарының тағы бір қуанышы – Титовтағы жағымсыз иістен құтылатын күн жақын. Өткен жылы басталған «Қызылорда қаласында ағын суларды тазартуда қуаты тәулігіне 70,0 мың текше метрге жететін биологиялық тазарту станциясын жаңарту және автоматтандыру» жобасы мәрегe жетпек.

Айта кетейік, КБИ шағын ауданында Жаппасбай батыр, Мұхтар Әуезов көшелеріне және Арай шағын ауданында көтергіш сорғы станциялары салынбақ. Ал «көгілдір отынға» қосылатын елді мекендер қатарында Сабалақпен қатар, Баймұрат батыр ауылы да бар. «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында Қызылөзек ауылдық округінің 3 елді мекенінде газ құбырын және кварталішілік газ тарату желілерін салу» жұмысының жоба-сметалық құжаттары әзірленбек.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Ерженіс ӘБДІ,
Серғали Толыбеков атындағы №3 IT мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі:

БӘСЕКЕСІ – БӘС ТІГУ, БАРАТЫНЫ – ПЛЕЙСТЕЙШН: ОНДАЙ ӘКЕ КІМГЕ ҮЛГІ БОЛАДЫ?

Таяуда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы Аякөз Қожамырзақызы алдына келген студенттердің отбасы туралы жазған шығармасын оқып, қынжылғанын жеткізген еді. «Балалар отбасы туралы шығармада әуелі анасын жазып, сонан кейін әкесі жайлы айтады. Мұны көріп, қатты таңғалдым және ойландым. Отағасының рөлі отбасында бірінші тұруы керек еді ғой» деп жазған еді... Ұрпақ тәрбиесіне атсалысып, қоғамдағы әке рөлінің төмендеп бара жатқанын айтып, дабыл қағып жүрген тағы бір ұстаз – Ерженіс Әбді. Елге әрі математик, әрі ақын ретінде танылған азаматпен сұхбаттасудың сәті түсті. Қоғамның қотырын қасып, біраз жайттың шешімін іздедік.

4-БЕТТЕ

ДИПФЕЙК ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ БЕЙНЕЛЕР: пайдасы мен зияны қандай?

Жақында жасанды интеллект мәтіндерді жазу, суреттерді құрумен қатар, пайдаланушының мәтіндік сұранысы немесе жүктеген фото бойынша бейне құруды үйренді. Жасанды интеллект қазірдің өзінде кейде шынайы бейнелерден айырмашылығы жоқ жасанды бейнені жасауға қабілетті. Бұл – кино, жарнама және ойын-сауық контенті үшін үлкен мүмкіндік. Ашық дереккөздерден алынған мысалдар мен ақпараттарды талдап, жасанды интеллект зерттелген мәліметке сүйеніп, жаңа бейне жасай алады. Жетілдірілген алгоритмді пайдалана отырып, ЖИ қандай элементтер бейнені шынайы етіп көрсететінін және оларды дәлдікпен көрсету үшін үлкен көлемдегі деректерді талдай алады. Жүйе бұрын тек кәсіби видеографтар жасай алатын бейнелерді бірнеше минутта жасауға мүмкіндік береді. Адамдардың жаңа өнімге көзқарасы әр түрлі. Кейбіреулер мұны ойын-сауық, білім беру және бизнес үшін тамаша мүмкіндік деп санаса, басқалары жалған ақпарат беру немесе контент индустриясында жағымсыз әсерінен қорқады. Бірақ ЖИ шығармашылық пен инновацияның жаңа көкжиегін ашып жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен бірге бұл этика мен авторлық құқыққа қатысты сұрақтарды тудырады, өйткені шындыққа тым жақын нәрсені жасау өте оңай болды. Бұл технологияларды әзірлеушілер мен пайдаланушылар пайдалануға жауапкершілікпен және бейнені жасауда басқалардың зияткерлік меншігін ескеру маңызды екенін айтуда. Айта кету керек, ЖИ сапалы бейнелер жасағанмен, оны мамандар қолынан шыққан бейнелер мен анимацияларды алмастыруға әлі мүмкіндігі аз.

3-БЕТТЕ

ДИПФЕЙК ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ БЕЙНЕЛЕР: пайдасы мен зияны қандай?

БЕЙНЕРОЛИКТЕР МЕН АНИМАЦИЯДАҒЫ ИННОВАЦИЯ

Генеративті бейнелер анимацияның жаңа көкжиегін ашады, бұл керемет дәлдікпен шынайы және егжей-тегжейлі көріністерді жасауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллектінің адам шығармашылығына еліктеу қабілеті артқан сайын, жасанды интеллект анимациясының құқықтық және этикалық мәселені ескеруі міндетке айналады. Бейне жасаудағы ЖИ шығармашылық пен инновацияның жаңа көкжиегін ашып, киноиндустрия мен анимация саласында бұрын жасау мүмкін емес немесе тым қымбат болатын бейнелерді құруға арналған құралдарды ұсынады.

Мысалы, Қытайда классикалық қытай поэзиясын озық анимациямен үйлестіретін, жасанды интеллект арқылы жасалған мультхикая көрсетті. Қытайдың мемлекеттік телерадиокомпаниясы толығымен жасанды интеллект арқылы жасалған «Qianqiu Shisong» жеті минуттық 26 эпизодтан тұратын, дәстүрлі қытай өлеңдері мен поэзиясын көрсететін анимациялық сериалды көрермендерге көрсетті. Бұл жоба Шанхай жасанды интеллект зертханасымен бірлесіп әзірленген CMG Media GPT машиналық оқыту үлгісін қолдану арқылы жүзеге асты. CMG Media GPT үлгісі дәстүрлі қытай поэзиясы және China Media Group каталогындағы аудио және бейне материалдардың үлкен көлемі бойынша оқытылды. Ол тарихи деректерге сүйене отырып, дәл сәулет түрлері мен дәстүрлі киім үлгілерімен қоса, дәстүрлі қытай сия стилінде бейнелер жасай алды. Жасанды интеллект дизайннан бастап бейне генерацияға және пост-өңдіріске дейінгі даму мен өндірістің барлық кезеңдерінде қолданылды. Бұл анимация жасаудың уақыты мен шығындарын айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді. Қытай түрлі салаларда, соның ішінде БАҚ пен ойын-сауықта жасанды интеллект мүмкіндіктерін белсенді түрде зерттеуді жалғастыруда. Генеративті бейнелер арманымыздағы әсерлі визуалды оқиғаларды жасауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект пен шығармашылықтың бірігуі бейнелерді концептуализациялау және анимациялық мультфильмдерді өмірге әкелу жолында революциялық өзгерістерге жол ашады.

Анимацияда жасанды интеллект қолдану шындық пен қиял арасындағы шектеулерді жоюды жалғастыруда, бұл инновацияның шегі жоқ болашақтың көрінісін ұсынады. Генеративті анимация – жасанды интеллектіні жетілдіру арқасында қарқынды дамып келе жатқан сала. Генеративті анимацияның мысалдарын кинодан бастап бейне ойындарға дейін түрлі салаларда табуға болады.

Мысалы, «Pixar» Neural Style Transfer көмегімен шынайы өрт әсерлерін жасай отырып, Elemental фильміндегі Эмбер кейіпкерін жандандыру үшін ЖИ қолданды. Бұл тәсіл әр кадрды анимациялауға кететін уақыт пен күш-жігерді айтарлықтай қысқартты. «Disney» цифрлық адамдарды, виртуалды өндірісті және терең бейне өңдеуді жасау үшін ЖИ пайдаланады. Мысалы, Medusa Facial Capture жүйесі 30-дан астам фильмде, соның ішінде «Кек алушылар: Финал» фильмінде қолданылған, адамның шынайы бейнесін жасау үшін терең оқытуды пайдаланады. Pixar «Жоғары» және «Жақсы динозавр» сияқты фильмдерде қолданылған жануарлар мен басқа да тіршілік иелерінің 3D үлгілерін жасау үшін машиналық оқыту алгоритмдерін пайдаланатын Genesis жасанды интеллект жүйесін әзірледі. «Арыстан патша» 2019 жылғы ремейкінде жасанды интеллектіні пайдалану шынайылықтың жоғары деңгейіне мүмкіндік беретін маңызды элемент болды. ЖИ жануарлардың мінез-құлқы мен қимыл-қозғалысын имитациялау үшін қолданылды, бұл кейіпкерлерді жабайы табиғаттағы нақты жануарлар сияқты көрсетті. Бұл пейзаждар күрделі ЖИ алгоритмдерін қолдану арқылы жасалды, нәтижесінде әсерлі болды. Бұл тәсіл жаңа буынның көрнекі әсерлерін жасауда ЖИ мүмкіндіктерін көрсете отырып, шынайы анимация жасауда жаңа мүмкіндіктер ашты.

Басы 1-бетте

Бұған қоса, мәтіндік нұсқаулардан шынайы және ойдан шығарылған көріністер жасауға мүмкіндік беретін, кинематография мен анимацияның жаңа мүмкіндіктерін ашатын OpenAI ұсынған бағдарламалар бар. Бұл мысалдар генеративті ЖИ жоғары сапалы бейне эффектілері мен анимациялар жасау үшін қалай пайдалануға болатынын көрсетеді.

Анимациядағы генеративті ЖИ – бұл қазірдің өзінде болашағы зор, одан да инновациялық мүмкіндігі жоғары. Генеративті анимация әлемі таңғажайып көрнекі бейнелер мен анимация бөліктерін жасау үшін көптеген озық технологияларды пайдаланады. Осындай технологиялардың бірі – қозғалыссыз кескіндерден немесе бейнелерден анимациялық бейнелер жасауға мүмкіндік беретін ЖИ негізіндегі құрал.

Бұл технологиялар анимация жасау үдерісін қолжетімді және тиімді ете отырып, аниматорлар мен суретшілерге шығармашылық идеяларын жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер береді. Осы құралдарды пайдалана отырып, жеке пайдаланудан коммерциялық жобаларға дейін, әр түрлі мақсаттар үшін анимациялар жасай аласыз. Генеративті анимация дамуын жалғастыруда болашақта бұдан да көп инновациялық технологияларды күтеміз. Сонымен қатар жасанды интеллект анимацияға сай музыкалық бейнелерді жасау үшін қолданылады, онда ол кейіпкерлердің қимылдарын музыкамен синхрондауға және есте қаларлықтай көрнекіліктер жасауға мүмкіндік береді.

ДИПФЕЙК НЕМЕСЕ ЖАЛҒАН БЕЙНЕ

Жасанды интеллект арқылы жасалған бейнелердің тағы бір түрі – дипфейк. Deepfake – жасанды интеллект арқылы бейне немесе дауыс жасау әдісі. Көрнекі түрде ол кәдімгі бейнеге ұқсайды. Қарапайым сөзбен айтқанда, дипфэйк – белгілі бір адамға немесе арнайы жасалған кейіпкерге еліктейтін сурет немесе бейне. Бұл көбінесе адамдардың келісімінсіз әрекеттері мен сөздерін қолдан жасау үшін жасанды интеллект арқылы жасалған бейнелер. Дипфейк технологиясын кино саласында кеңінен пайдалануда. Фильмдегі дипфейк түрлі мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданылады, соның ішінде актерлерді жасарту, әртістердің бейнесін қайта құру немесе бояу қолданбай сыртқы түрін өзгерту. Бұл технология актерлерді «жасартуға» немесе «қартайтуға» мүмкіндік береді. Мысалы, бұл бір адамның бейнесі басқа біреудің денесіне салынған бейне немесе атақты адамның дауысына еліктеп, ол ешқашан айтпаған сөздерді айтып тұрғандай көрінетін аудио жазба болуы мүмкін. Мұндай фейктерді кино саласында немесе әзілден бастап алдау мен жалған ақпаратқа дейін әр түрлі мақсаттарда алаяқтар пайдалануы мүмкін.

Депфэйктердің қауіптілігі олардың шынайы адамдарға нанымды еліктеу қабілетінде, оларды тану қиын. Бұл жалпы бейненің мазмұнына сенімнің жоғалуын қоса алғанда, зиянын тигізуі мүмкін. Сонымен қатар жеке тұлғалардың беделін түсіру, айыптау айғақтарын жасау және тіпті биометриялық сәйкестендіру жүйелерін алдау үшін қолданылатын алаяқтық үшін пайдаланылуы мүмкін. «Informburo.kz» – мультимедиялық, ақпараттық-сараптамалық порталының ақпараты бойынша елімізде дипфейк арқылы алаяқтар адамдардан ақша бопсалауды үйренген. Олар жасанды интеллекті шебер пайдаланып, бет-әлпетті де, дауысты да ауыстыру арқылы атақты адам сізге криптовалютаға немесе пирамидаға инвестиция салуды ұсынады.

Олбанидегі Нью-Йорк университетінің зерттеушілері дипфейкті танудың жолын ұсынды. Олар тыныш күйде адамдар орта есеппен минутына 15-17 рет көзін жыпылықтатса және жыпылықтау жиілігі сөйлесу немесе оқу кезіндегі белсенділікке байланысты өзгеретінін анықтады. Жалған видеоны дәлірек анықтау үшін алгоритмдер адамның физиологиялық ерекшеліктерін ескеруі керек. Дипфейк видеоларда көздің қозғалысы, қарашық көлемінің өзгеруі, тыныс алу мен жүрек соғу жиілігі сияқты мәліметтерді анықтауда тек арнайы бағдарламалар көмек көрсете алады.

Өзіңізді фейктерден қорғайтын технологиялардың бар екенін білу және айналаңыздағы адамдарды ақпараттандыру маңызды. Дипфейк белгілері және оларды қалай тануға болатыны туралы «informburo.kz» мультимедиялық, ақпараттық-сараптамалық порталына берген сұхбатында киберқауіпсіздік сарапшысы Евгений Питолин атап айтты.

Сарапшының айтуынша, бірқатар мәселелерге мән беру қажет екен. Мысалы, көзді жыпылықтату: адам бір нүктеге қарайды және қажет емес жерде екі-үш рет көзін жыпылықтатады. Екіншіден, еріннің сөйлеумен анық десинхронизациясы, яғни дыбысты естисіз, бірақ ерін қозғалысы жоқ немесе сәйкес келмейді, – дейді киберқауіпсіздік сарапшысы Евгений Питолин.

Сондай-ақ жеке деректер мен суреттердің фейктерде пайдалану қаупін азайту үшін оларды желіде таратуды шектеу арқылы қорғау маңызды. Бейненің шынайылығына күмәніңіз болса, ақпаратты растау үшін адамға тікелей немесе басқалар арқылы хабарласу ұсынылады. Компаниялар мен ұйымдар қызметкерлерді оқыту, жалған мазмұн оқиғаларын бақылау және оларға жауап беруді қоса, терең фейктерден қорғау стратегияларын әзірлеуі керек.

Қорытындылай келе, дипфейк үлкен қауіп төндіреді, бірақ хабардар болу және әрекет ету тәуекелдерді азайтуға және жеке адамдар мен қоғамды олардың зиянды әсерінен қорғауға көмектеседі. Дипфейк қалай жасалатынын және таралатынын түсіну, сондай-ақ қорғау әдістерін білу цифрлық қауіпсіздік пен цифрлық дәуірдегі сенімді сақтауда маңызды саналады.

Өзіңізді қауіпті дипфейктерден қорғау үшін онлайн көріп, естіген ақпаратқа сыни көзқараспен қарау маңызды. Дереккөздерді тексеріп, ақпараттың шынайылығын сенімді көздерден іздеу керек. Сондай-ақ бейне немесе аудио жазбаның түпнұсқасын анықтауға көмектесетін арнайы бағдарламалар мен қолданбалар бар. Бейненленген адамдардың келісімінсіз фейктерді бөлісу заңсыз және олардың беделіне нұқсан келуі мүмкін екенін де ескеру керек.

Жалпы дипфейк – аса жауапкершілікпен пайдалануды қажет ететін қуатты құрал. Ол ойын-сауық немесе білім беру мазмұнын жасау сияқты оң мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін, бірақ сонымен бірге жеке адамдар мен жалпы қоғам үшін зияны орасан теріс пайдалану қаупі бар. Сондықтан мұндай мазмұн түрін пайдалануда мұқият болу маңызды.

София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

ҰЛАҒАТЫ МОЛ ҰСТАЗ ЕДІ..

Ұстаздардың ішінде шоқтығы биік, адамгершілігі жоғары, тұлғалық ерекшелігі басым, адамды өзіне баурап алатын жандар болады. Ұстаздарға ұстаз болу, оларға өнеге көрсету, мойындату – мықты адамның ғана пешенесіне жазылған бақыт. Осындай өн бойына күллі адамгершілік қасиетті жиған жанның бірі – қаладағы №253 орта мектепте ұзақ жылдар бастауыш сыныптар бойынша оқу-тәрбие ісіне меңгерушілік қызмет еткен химия пәнінің маманы Бибісара Ысқақова болатын.

Бибісара Садыққызының жұмысқа деген жауапкершілігі барлық мұғалімді ынталандырып, жігерлендіретін. Ұстанымы мықты басшының жіті тексеруінен сабақ алған бастауыш сыныпқа дәріс берген ұстаздар шыңдалып, сайыс пен жарыстан көрнекті орын алып, алға ұмтылатын.

Бибісара апайдың өмір жолы өте ерекше еді. 1937 жылы дүниеге келген апай мектеп бітірген соң химия факультетін бітірсе де, бес жыл пионер вожатый болып еңбек етеді. Кейін тұрмысқа шығып, №253-орта мектепке ҚазССР-дің ағарту ісінің үздігі төсбелгісімен келеді. Ол марапатты пионер вожатый болып жүріп, пионер ұйымының 40 жылдығына жақсы көрсеткіштерге жеткені үшін алған.

Мектепке келген соң да уақытпен санаспай еткен еңбегі еленіп, Құрмет белгісі орденімен марапатталады. Облыстық кеңестің екі мәрте депутаттығына сайланады. Тәжірибелік оқыту бағдарламасына атсалысып, дамуында ақауы бар, оқуға ынтасы аз оқушыларды ерекше оқытуға көп еңбек етті. Мектеп кәсіподағының жұмысын жүйелі үйлестіріп, педагогикалық ұжымның ынтымағын сақтауға белсене атсалысты. Сол кездегі талап, жұмыс шарты, ұстаздық ұстаным өзі басқарған бастауыш сыныптарда Бибісара Садыққызының іскерлігімен жүзеге асып жатты. Білгір басшының өтірікті, өсекті, жалқаулықты жаны сүймейтінін бәрі біліп, оны ерекше құрметтейтін. Апай кешіккенді, ретсіз сұранғанды ұнатпайтын. Бастауыш сынып мұғалімдерін тазалыққа, ұқыптылыққа өзі баулитын. Сабақты жақсы беретін жас мұғалімдерді шыңдап отырса, білім жетілдіруді қажет деген мұғалімнің сабағына жиі кіретін.

Саналы ғұмырының 35 жылын ұстаздыққа арнады. 1993-ші жылы ұзақ жылғы еңбегінің рахатын көріп, зейнетке шықты. Бибісара апай мен жолдасы Асан ағай 4 ұлды өмірге әкеліп, балаларының рахатын көрді. Көпке өнеге, жастарға үлгі болған асыл жандардың әр ісі үлгі эталонындай болды.

Бибісара апайдың бір ерекше қасиеті көрген-білгенін қағазға түсіріп жүретін. Сол естеліктері көзі тірісінде кітап етіп шығарды. Осындайда Бибісара апайдың бізге айтқан естеліктері ойға оралады.

«Жас келін болған кезім, үйде нәрестем мен енем бар. Түскі үзілісте келем де, самаурынды толтырып, тұтатып, сексеуілге толтырып, үйге кірем. Сәбиімді емізіп, самаурынға тағы от салып, енемнің шайын демдеп, екі кесе құйып үлгеремін де, жұмысыма кетемін. Кешке де осы жылдамдықпен бәріне үлгеремін» дейтін. Қарапайым осы сөзінен-ақ жауапкершілігі мол адам екенін сезіп, үлгі аласың.

Анасы Алмагүл әжемен көрші тұрдым. Анасы апайды «Би апа» деп сыйлайтын. Үйдің үлкені, әрі Садық әкесі секілді еңбексүйгіш болғасын анасының өзі құрметтейтін.

Бүгінде «орнында бар оңалар» дегендей артында қалған төрт ұлы төрт шаңырақ болып, керегесін кеңейтіп, ұрпақтарын көбейтіп, мәуелі бәйтеректей өркен жайып, өсіп келеді. Балалары өнегелі әулеттің шырағын жағып, нарық заманына бейімделіп, ел үлгі тұтатын кәсіпкер атанып, елдің ризалығына бөленіп отыр. Ұлы Нұрсұлтан мен келіні Нұрсұлу шаңырақтың берекесін кіргізіп, әулеттің басын біріктіріп, түтінін түтетіп отыр. Апайдың алды пейіш, арты кеніш болсын!

Қанзада АЛТАЕВА,
№253 орта мектептің ардагер-ұстазы

«Тазалық – иманның жартысы» деген ұлағатты сөз бар. Туған қаланы көркейту үшін, оның тазалығын сақтау, жасыл желекке айналдыру үшін бүгінде жастардың белсенділігі артып жатқаны қуантады. «Жас келсе іске» демей ме дана қазақ. Жаздың шілінгір ыстығында жаныңа сая болатын ағаш отырғызып, айналаны таза ұстауға барша қалалықтар атсалысу керек. Себебі қала – өз үйіміз. Сырттан келетін қонақтарға да ерекше көңіл-күй сыйлау үшін өңірдің айнасы – бас қаламыздың ластануына жол бермеуіміз керек. Туған мекеннің келбетіне айрықша көрік қосу үшін өзіміз тұратын ауламызды да ұқыпты, жинақы ұстап, тазалыққа мән берсек, жылдан-жылға жаңарып, жасарып, жайнай береміз.

«ТАЗАЛЫҚ ПАТРУЛІ» ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бүкіл Қазақстанды таза ұстау өзімізге, жастарға байланысты. Мен жастарға сенемін. Сондықтан жастарға зор үмітпен қараймын» деген болатын. Ерекше үндеу Сыр жастарына да жігер сыйлады. «Сана тазармай, қала тазармайды» деген тәмсілді алға тартқан жастар, аймақ жастарын жаппай тазалық сақтауға белсенді үлес қосуға шақырып жатыр. Жастардың бойында «Қоғамға мен қажетпін, маған қоғам қажет» деген елжанды қасиет оянды. Осылайша сергектікті жанына серік еткен мектеп оқушылары «Тазалық патрулі» волонтерлік тобын құрды.

Қазір еріктілер тобы «Қала тазалығы – баршамызға ортақ міндет!» ұранын алға тартып, тұрғындар мен кәсіпкерлік нысан иелерін тазалыққа шақырып, қоршаған ортаны ластамау туралы түсіндірме жұмысын жүргізуде. Мақсат – шаһар тұрғындарын өз ауласын, көшесін таза ұстау, өзгелерге үлгі болуға жұмылдыру.

Туған өлкесіне жанашырлық сезімі жоғары мектеп оқушыларының ұстанымы, олардың патриоттық белсенділігі қуантады. Алдағы уақытта акцияға ерекше үлес қосқан әрбір жас буын ерекше номинациялармен марапатталмақ.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА…

жаңа заң отандық ғылымға серпін береді

Жаңа заң ғылымның дамуына қандай серпін береді? Осы орайда ғалымдардың пікіріне жүгіндік.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры, филология ғылымдарының кандидаты Бейбіткүл Кәрімова жаңа заң ғалымдардың көп жыл бойы армандаған мақсатына жетуіне ықпал ететінін айтады.

– Бұл заң Қазақстанның жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары ғалымдарының өндірістік компаниялардың, бизнес құрылымдарының өкілдерімен, жас ғалымдармен және ғылыми-техникалық саясатпен айналысатын көптеген тұлғамен тығыз ынтымақтастықта жасалғанын атап өткен жөн.

Заң мынадай қағидаттарға негізделген:

– ғылым мен өндірістің өзара әрекеттесуінің ашықтығы;

– ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау;

– ғылыми процеске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне кепілдік беру;

– ғылым мен ғылыми-техникалық қызметті экономикалық ынталандыру;

– білім, ғылым, өндіріс және даму институттарының интеграциясы.

Аталған қағидаттардың негізінде заң мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

– мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру және ғылым мен техника саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеу;

– ғылымның тиімді жұмыс істеуі және ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыру;

– іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамыту;

– ғалымдар мен ғылыми ұйымдардың мәртебесін көтеру;

– ғылымның өндіріспен интеграциясы;

– ғылымды кадрлық, материалдық-техникалық, ғылыми-техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету.

Алғаш рет ғылымға қатысты терминдердің анықтамалары мен онымен байланысты ұғымдар бір заңда берілген.

Бұл заңның қабылдануы Қазақстан ғылымының дамуына жаңа серпін беріп, ғалымдардың көп жылдар бойы армандаған мақсатының орындалуына жетелейді деп сенемін. Өйткені заң құқықтық олқылықтарды жою, ғылыми кадрларды даярлау үшін жағдай жасау, ғалымдарды әлеуметтік қорғау кепілдіктерін іске асыру, корпоративтік басқаруды енгізу және т.б. ғылыми қызметтің стратегиялық, кәсіби және әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған.Заңды әрі қарай күнделікті ғылыми жұмыста қолдансақ, баптары мен қағидаттарына сүйеніп жұмыс істесек ғылым мен өндірістік нағыз интергациясына көзіміз жетеді деген сенімдемін, – дейді Бейбіткүл Кәрімова.

Тарих ғылымдарының кандидаты Сағат Тайман жас ғалымдарға әлеуметтік қолдау болатыны, гранттық қаржыландыру бойынша салықтық жеңілдіктер енгізілетіні отандық ғылымның дамуына серпін беретінін атап айтты.

– Бүгінде әлемнің дамыған мемлекеттері ғылымды бәсекеге қабілетті қоғам құрудың іргетасы деп есептейді. Ендеше, жаңадан қабылданған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң отандық ғылымның дамуына жаңа серпін береді. Бұл заңның негізгі мақсаты да отандық ғылымды дамыту және елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ғылыми жетістіктердің нәтижелерін енгізу жөніндегі технологиялық саясатты іске асыру болып табылады. Заң күшіне енген соң елімізде ғылымды басқару жүйесінің құрылымын жетілдіріледі, сол сияқты заңда Ұлттық Ғылым академиясының жаңа мәртебесі айқындалды.

Ғылымның ілгерілеуі ғалымдардың еңбектерімен және олардың жаңалықтарының құндылығымен анықталады. Жаңа заңдағы көптен күткен басты жаңалық бойынша енді ғылыми қызметкерлерді, оның ішінде жас ғалымдарды әлеуметтік қолдау жүзеге асатын болды. Әсіресе ғылыми дәрежесі, атағы бар қызметкерлердің ғылыми қызметін ынталандыру үшін оларға ай сайынғы қосымша ақы белгіленетін болды. Сонымен қатар университеттерде жұмыс істейтін жетекші ғалымдарға да шығармашылық демалыс берудің жаңа шарттары белгіленді, гранттық қаржыландыру бойынша салықтық жеңілдіктер қолданысқа енгізілетін болды. Қорыта айтқанда, бұл заң биліктің білім мен ғылымға нақты бетбұрысын көрсетті және елдегі білім және ғылымды қажет ететін технологиялардың дамуына жаңа серпін береді деген сенім мол.

Ал «Болашақ» университетінің «Білім беру және педогогика» жоғары мектебінің деканы, заңтану магистрі Дәуренбек Серкебаев осы заңның қабылдануы негізінде бірқатар нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізілгенін атап айтты.

– Заңның негізгі мақсаты ғылымды дамыту және елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ғылыми жетістіктердің нәтижелерін енгізу жөніндегі технологиялық саясатты іске асыру, сондай-ақ ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті салааралық үйлестіру болып саналады. Заң жобасы құқықтық олқылықтарды жою, ғылыми кадрларды даярлауда жағдай жасау, ғылыми қызметкердің әлеуметтік қорғау кепілдіктерін іске асыру, корпоративтік басқаруды енгізу арқылы ғылыми қызметтің стратегиялық, кәсіби және әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған. Ғылымның дамуы үшін, ғалымдарымыздың тиімді жұмыс істеуі үшін бұл заң керек. Осы заңның қабылдануы арқасында көптеген нормативтік-құқықтық актілерге де өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Мысалы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға сәйкес ғылыми-зерттеу институттары мен жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының сатып алу тәртібі жеңілдетілді. Тауар, қызмет, жұмысты сатып алудағы көптеген қолбайлауды алып тастаған осы өзгерісті ғалымдар қауымы қуана қабылдады. Жаңа нормаларға негізделген сатып алу тәртібі бұдан былай ғылыми жобаларды уақытылы әрі сапалы және толықтай орындауға жол ашып тұр. Бұл заңның қабылдануы отандық ғылымының дамуына жаңа серпін беретіні сөзсіз, – дейді ол.

Отандық ғылымның дамуын мақсат еткен, ғалымдарға әлеуметтік қолдау жасайтын жаңа құжат отандық ғылымға жаңаша серпін бермек.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

ЖОБА

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА САЛЫҚ САЛУ ОБЪЕКТІСІНІҢ ОРНАЛАСУЫН ЕСКЕРЕТІН АЙМАҚҚА БӨЛУ КОЭФФИЦИЕНТІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 529 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қызылорда қаласында салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті, осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі С. ҚОЖАНИЯЗОВ

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2024 жылғы _____
№ ____ қаулысына қосымша

№ р/с	Қызылорда қаласында салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
1-аймақ	**Шекарасы:** Аймақ Марал Ишан мен Қ.Махамбетов көшелерінің қиылысынан басталады және оңтүстік-шығыс бағытында темір жол торабын бойлай Сұлтан Бейбарыс көшесінің қиылысына дейін жетеді. Осы жерде оңтүстікке қарай аталған көшені бойлай, Жібек жолы көшесіне жетеді. Әрі қарай, оңтүстік-шығыс бағытында Жібек жолы көшесін бойлап Тасбөгет кентінің шекарасына жетеді, әрі қарай Тасбөгет кенті шекарасымен оңтүстік батысқа қарай Сырдария өзеніне дейін жетеді, әрі қарай Сырдария өзенінің табиғи арнасымен Қ.Махамбетов көшесіне жетіп, аймақ шекарасының бастапқы нүктесі Қ.Махамбетов пен Марал Ишан көшелерінің қиылысында тоқталады.	2,0
2-аймақ	**Шекарасы:** Аймақтың бастапқы нүктесі солтүстік-батысында Қ.Махамбетов көшесінің теміржол торабының қиылысынан басталады және солтүстік бағытта темір жолды бойлай Қызылорда қаласының босалқы жерлерінің шекарасына дейін жетеді. Әрі қарай босалқы жерлер шекарасымен Қызылжарма ауылдық округінің шекарасына жетіп, солтүстік-шығыс бағытында Қызылжарма ауылдық округі шекарасымен Қызылжарма каналына дейін жетеді. Әрі қарай, Қызылжарма каналын оңтүстік-шығыс бағытында бойлай Белкөл кенті шекарасына келіп жетеді. Әрі қарай Белкөл кенті шекарасымен темір жол торабына жетеді, солтүстік-батыс бағытында темір жолды бойлай аймақтың бастапқы нүктесіне келіп тоқтайды.	1,91
3-аймақ	**Шекарасы:** Аймақтың бұл учаскесі Қызылорда қаласының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Бастапқы нүктесі темір жол торабының 032 кадастрлық квартал шекарасының қиылысынан басталып оңтүстік-шығыс бағытына қарай темір жолды бойлай, Қ.Махамбетов көшесіне дейін жетеді. Осы жерден оңтүстік-шығыс бағытында Қ.Махамбетов көшесімен Сырдария өзеніне жетеді, әрі қарай солтүстік-батыс бағытында Сырдария өзені арнасын бойлай 032 кадастрлық кварталдың оңтүстік шекарасына дейін жетеді, кварталдың оңтүстік шекарасын бойлай учаскенің бастапқы нүктесіне темір жол торабы мен 032 кадастрлық квартал шекарасының қиылысына келіп тоқтайды.	1,79
3-аймақ	Учаскенің бастапқы нүктесі солтүстік-батысында 012 кадастрлық квартал мен Қызылорда қаласы шекарасының қиылысынан басталады, әрі қарай оңтүстік-шығыс бағытында Сырдария өзенінің табиғи арнасымен Қызылорда қаласының Тасбөгет кентімен шекарасына дейін жетеді, осы жерде оңтүстік-батысқа қарай Сырдария өзенін кесіп өтеді. Әрі қарай солтүстік-батыс бағытында Шіркейлі каналын бойлай учаскенің бастапқы нүктесіне жетеді.	1,79
4-аймақ	Учаске Қызылорда қаласының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Бастапқы нүктесі солтүстік-батысында Сұлтан Бейбарыс көшесінің темір жол торабы қиылысынан басталады, әрі қарай оңтүстік-шығыс бағытында темір жолды бойлай Белкөл кентінің шекарасына жетеді. Әрі қарай оңтүстік-шығыс бағытта Белкөл кенті шекарасымен Қызылорда қаласының босалқы жерлерінің шекарасына дейін, әрі қарай Қызылорда қаласының босалқы жерлері шекарасымен Тасбөгет кентінің шекарасына жетеді. Әрі қарай оңтүстік-батыс бағытында Тасбөгет кенті шекарасы арқылы Жібек жолы көшесінің қиылысына жетеді, Жібек жолы көшесімен солтүстік-батыс бағытын бойлай Сұлтан Бейбарыс көшесінің қиылысына жетеді, әрі қарай Сұлтан Бейбарыс көшесінің солтүстік-шығыс бағытын бойлай Сұлтан Бейбарыс көшесінің темір жол торабымен қиылысқан учаскенің бастапқы нүктесінен тоқтайды.	1,79
4-аймақ	**Шекарасы:** Учаске темір жол торабының солтүстік бөлігінде орналасқан. Бастапқы нүктесі Қызылжарма каналының Қызылжарма ауылдық округі шекарасымен қиылысқан жерінен басталады, әрі қарай Қызылжарма ауылдық округінің шекарасын бойлай Қызылорда қаласының босалқы жерлерінің шекарасы арқылы Қарауылтөбе ауылдық округінің шекарасына жетеді. Әрі қарай, Қарауылтөбе ауылдық округі шекарасымен Белкөл кенті шекарасына жетеді, оң жаға магистральды каналын бойлай Қызылжарма каналына тоқтайды. Әрі қарай Қызылжарма каналының солтүстік-батыс бағытын бойлай Қызылжарма каналының Қызылжарма ауылдық округі шекарасымен қиылысқан учаскенің бастапқы нүктесіне жетеді.	1,68
4-аймақ	Учаске темір жол торабынан оңтүстік-батысында орналасқан. Бастапқы нүктесі темір жол торабының Қызылорда қаласы шекарасымен қиылысынан басталады, оңтүстік-батыс бағытында темір жолды бойлай, темір жолдың 032 кадастрлық кварталымен қиылысына жетеді, әрі қарай 032 кадастрлық квартал шекарасы бойымен оңтүстік-шығыс бағытында Сырдария өзеніне дейін жетеді. Әрі қарай солтүстік-батыс бағытында Сырдария өзенінің арнасын бойлай Қызылорда қаласының шекарасына, әрі қарай қала шекарасы арқылы учаскенің бастапқы нүктесіне жетеді.	1,68
Тасбөгет кенті	Тасбөгет кенті	**1,68**
Белкөл кенті	Белкөл кенті	**1,60**
Ақсуат а/о	Ж. Маханбетов ауылы	**1,63**
Ақжарма а/о	Баймұрат ауылы	**1,35**
	Талдыарал ауылы	
Қарауылтөбе а/о	Қарауылтөбе ауылы	**1,42**
Қосшыңырау а/о	Абай ауылы	**1,42**
	Досан ауылы	
Қызылжарма а/о	Қызылжарма ауылы	**1,54**
Талсуат а/о	Талсуат ауылы	**1,42**
Қызылөзек а/о	Айнакөл ауылы	**1,30**
	Қараөзек ауылы	
	Қараөзек стансасы	

ПРОЕКТ

ОБ УТВЕРЖДЕНИИ КОЭФФИЦИЕНТА ЗОНИРОВАНИЯ, УЧИТЫВАЮЩИЙ МЕСТОРАСПОЛОЖЕНИЕ ОБЪЕКТА НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ В ГОРОДЕ КЫЗЫЛОРДЕ

В соответствии с пунктом 6 статьи 529 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)», Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города Кызылорды ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить коэффициент зонирования, учитывающий месторасположение объекта налогообложения в городе Кызылорде, согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорды.

3. Настоящее постановление вводится в действие с 1 января 2025 года.

Аким города Кызылорды С.КОЖАНИЯЗОВ

Приложение
к постановлению акимата города Кызылорды
№___ от _____ 2024г.

№ п/п	Месторасположение объекта налогообложения в городе Кызылорде	Коэффициент зонирования
1-зона	Зона начинается с пересечения улиц Марал Ишан и К.Махамбетова и пролегая в юго-восточном направлении вдоль железнодорожной сети доходит до пересечения с улицей Султан Бейбарыс. Отсюда, пролегая в южном направлении по данной улице доходит до улицы Жибек Жолы. Далее в юго-восточном направлении вдоль улицы Жибек Жолы доходит до границы поселка Тасбогет, далее по границе поселка Тасбогет в юго-восточном направлении доходит до реки Сырдарья, далее по естественному руслу реки Сырдарья достигает улицу К.Махамбетова, первоначальная точка зоны останавливается на пересечении улиц К.Махамбетова и Марал Ишан.	2,0
2-зона	Первоначальная точка зоны начинается на севере-западе на пересечении улицы К. Махамбетова с железнодорожной сетью и пролегая по железной дороге в северном направлении доходит до границы земель запаса города Кызылорда. Далее по границе земель запаса доходит до границы сельского округа Кызылжарма, в северо-восточном направлении по границе сельского округа Кызылжарма доходит до канала Кызылжарма. Далее, следуя в юго-восточном направлении по каналу Кызылжарма доходит до границы поселка Белколь. Далее по границе поселка Белколь доходит до железнодорожной сети, пролегая по железной дороге в северо-западном направлении останавливается на первоначальной точке зоны.	1,91
3-зона	Данный участок зоны расположен на северо-западной части города Кызылорда. Первоначальная точка начинается с пересечения железнодорожной сети с границей кадастрового квартала 032, следуя в юго-восточном направлении вдоль железной дороги доходит до улицы К.Махамбетова. Отсюда по улице К.Махамбетова по юго-восточному направлению доходит до реки Сырдарья, далее в северо-западном направлении по руслу реки Сырдарья доходит до южной границы кадастрового квартала 032, пролегая по южной границе квартала останавливается на пересечении железнодорожной сети с границей кадастрового квартала 032, на первоначальной точке участка.	1,79
3-зона	Первоначальная точка участка начинается на северо-западе с пересечения границ кадастрового квартала 012 и с границей города Кызылорда, далее в юго-восточном направлении по естественному руслу реки Сырдарья доходит до границы города Кызылорда с поселком Тасбугет, где юго-западнее пересекает реку Сырдарья. Далее в северо-западном направлении вдоль канала Ширкейли доходит до первоначальной точки участка.	1,79
3-зона	Участок расположен на юго-восточной части города Кызылорда. Первоначальная точка начинается на северо-западе с пересечения улицы Султан Бейбарыс с железнодорожной сетью, далее в юго-восточном направлении по железной дороге доходит до границы поселка Белколь. Далее в юго-восточном направлении по границе поселка Белколь доходит до границы земель запаса города Кызылорда, далее по границе земель запаса города Кызылорда до границы поселка Тасбугет. Далее в юго-западном направлении по границе поселка Тасбугет доходит до пересечения с улицей Жибек Жолы, в северо-западном направлении по улице Жибек Жолы доходит до пересечения с улицей Султан Бейбарыс, далее останавливается на первоначальной точке участка в северо- восточном направлении по улице Султан Бейбарыс по пересечении улицы Султан Бейбарыс с железнодорожной сетью.	1,79
4-зона	Участок расположен на северной части железнодорожной сети. Первоначальная точка начинается с пересечения канала Кызылжарма с границей сельского округа Кызылжарма, далее пролегая границу аульного окуруга Кызылжарма через границ земель запаса города Кызылорда доходит до границ сельского округа Караултобе. Далее по границе аульного округа Караултобе доходит до границ поселка Белколь, пролегая вдоль Правобережного магистрального канала, останавливается на канале Кызылжарма. Далее, пролегая в севере-западном направлении вдоль канала Кызылжарма доходит до пересечения канала Кызылжарма с границей сельского округа Кызылжарма, к первоначальной точке участка.	1,68
4-зона	Участок расположен в юго-западе от железнодорожной сети. Первоначальная точка начинается с пересечения железнодорожной сети с границей города Кызылорда, следуя в юго-западном направлении вдоль железной дороги доходит до пересечения железной дороги с границей кадастрового квартала 032, далее в юго-восточном направлении по границе кадастрового квартала 032 доходит до реки Сырдарья. Далее в северо-западном направлении вдоль русла реки Сырдарья доходит до границы города Кызылорда, далее по границе города к первоначальной точке участка.	1,68
Поселок Тасбогет	Пос. Тасбогет	**1,68**
Пос Белколь	Пос. Белколь	**1,60**
а/о Аксуат	Село Ж. Маханбетова	**1,63**
а/о Акжарма	Село Баймурат	**1,35**
	Село Талдыарал	
а/о Карауылтобе	Село Карауылобе	**1,42**
а/о Косшыңырау	Село Абай	**1,42**
	Село Досан	
а/о Кызылжарма	Село Кызылжарма	**1,54**
а/о Талсуат	Село Талсуат	**1,42**
а/о Кызылозек	Село Айнаколь	**1,30**
	Село Караозек	
	Ст. Караозек	

Ержеңіс ӘБДІ,
Серғали Толыбеков атындағы №3 IT мектеп–лицейінің математика пәнінің мұғалімі:

БӘСЕКЕСІ – БӘС ТІГУ, БАРАТЫНЫ – ПЛЕЙСТЕЙШН: ОНДАЙ ӘКЕ КІМГЕ ҮЛГІ БОЛАДЫ?

– Алдыңғы толқын ағаларымыздың бірімен сөйлескенде «Баланы перзентханадан әйел қарсы алады, балабақшада әйел тәрбиелейді, мектепте әйел мұғалім сабақ береді. Содан соң үйінде анасының тәлімін алады. Біз осындай баладан қалай 100 пайыз еркек шығарғымыз келеді? Әу бастан ойлану керек еді» дегенді естіп, ойланып қалып едім... Өзіңіз білім саласында жүрсіз. Бұл мәселені көтеріп жүргеніңізді білеміз. Мәселенің басы неден басталды? Оны қалай шешеміз? Неден бастау керек?

– Бұл әлеуметтік мәселе болып тұр. Жарық дүниеге келген күннен бастап отау құрғанға дейін бала көбіне анасымен бірге болады. Анасымен ақылдасады. Үйлену тойының жауапкершілігін, тіпті құдалықтың алыс-берісіне дейін әйелдер атқарады. Ер азаматтар соған толық сенім білдіріп кеткен. Бұл жерде қоғамның бір бөлігі – ер азаматтардың да кінәсі аз емес. Отбасылық мәселелердің өзінде қазір барлық жауапкершілікті әйелге артып қойып, «мен тек ақша тапсам болды екен» деп арқаны кеңге салып жүргендер көп. Әлбетте табыс табатындарын айтып отырмын. Отбасының нәпақасын таба алмай жүргендер де бар. «Ер – түздікі» деген түсінікпен бала тәрбиесіне көп мән бере бермейді. Ал бабаларымыздың «Әке көрген оқ жонар» деген сөзі қайда қалды? Бізде қазір қызы да, ұлы да анасының тәрбиесімен өсіп жатқан отбасылар көп. Мұның бір ұшы мектепке келіп тиеді. Мектепте мұғалімдердің 90 пайызы – қыз-келіншектер. Егер әркім өзінен бастау керек болса, білім саласының өкілі ретінде айтарым, ер мұғалімдерді көбейтуіміз керек.

– Ер балалардың мұғалімдік таңдауы не себепті сиреді? Бәлкім, оларды педагогтық қызметке шақыруда бір жеңілдіктер, саланың мәртебесін көтеруде ер мұғалімдерге сәл де болса артықшылықтар беру керек шығар...

Басы 1-бетте

Гендерлік саясаттың салқыны мектептерге де тиген сияқты ғой...

– Мұғалім мәртебесінің төмендеуінің бірнеше себебі бар. Кезең-кезеңімен айтып өтетін болсақ, менің әкем 1965 жылдан бастап мұғалім болды. Сол кезде әкемнің алдындағы толқын, қатарлас әріптестері бірыңғай ер азаматтардан құралған еді. Біздің ауылдағы мектепте мұғалімдердің барлығы дерлік ер адамдар болды. Ол уақытта мұғалім деген мамандық үлкен беделге ие еді. Әкемнің жеңгелері «мұғалім бала» десе, келіндері «мұғалім аға» деп атаған. Сол кездегі мәндайалды тұлғалардың бірі мұғалім еді. Бертін келе, тәуелсіздік алған жылдары «ұлымыз қара жұмыс істесе де нанын табады, қызымыз барған жерінде төмен қарап қалмасын» деген түсінікпен көбісі қыздарын оқытып, ұлдары ауылда қара жұмыс істеп қала берді. Соның нәтижесінде қазіргі таңда мектепте әйел мұғалімдер көп. Қиын кезеңдерде әйелдерді айтпағанда, мұғалімдік мамандық алған ер мұғалімдердің өзі базарға кетті. Сол кезеңдерде мұғалім болу үлкен ерлікке баланған. Аз қаражатқа жан бақса да, ұстаздық етуді жан-тәнімен қалаған санаулы ғана мұғалім болды.

Қазір жыл сайын мұғалімдердің жалақысы 25 пайызға көбейіп, әжептәуір ұлғайды. Бірақ соның өзінде мұғалімдіктен қашудың бүгінгі себебі – ер азаматтардың мұғалімдікті ұсақ-түйек деп қабылдайтыны. Бала тәрбиесімен тек әйелдер ғана айналысу керек деген түсінікте. Біз осы түсінікті жоюымыз керек. Салыстырмалы түрде айтсам, алдыңғы бес жылға дейін математиканы үздік білетін шәкірттерім мұғалім болғысы келмейтін. Қаржыгер, экономист боламын дейтін. Дәл осы кезеңде осындай үздік жастарымыздың арасында мұғалім боламын дейтіндер көп. Оның бірден-бір себебі мұғалім мәртебесінің көтерілуі. Қазір мұғалімдерді басы артық қажетсіз жұмыстан, сенбілік дегендерден босатты. Екіншіден, жалақы көбейді.

Әрине, артықшылықтар беру керек. Бірақ онымен мектептегі әйел мұғалімдер келіспейтіні анық. Сондықтан, «өгізді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын» жолын қарастыру керек шығар... Мәселен, ер азаматтардың сағат жүктемесі көп болса, әйел мұғалімдер оған қарсы болуы мүмкін. Қоғамда бір идеологиялық тұрғыда әйел азаматтар отбасының шырағданы екенін ескерсе екен. Ол отбасына көп көңіл бөлу керек. Соны ескеріп, әйелдер сағат жүктемесінің аздығына шамданбау керек деп ойлаймын. Дәл қазіргі сәтте олар да ер азаматтармен бірге еңбек еткісі келеді. Сағат жүктемесі көп болып, жалақысының да соған сәйкес жоғары болғанын қалайды. Бәлкім, жолдасының табысы аз шығар, көлемді несиесі болуы да ықтимал. Осының барлығы көп жүктемемен жұмыс істеуіне әкеледі. Негізі асыраушы ер азамат болуы керек екенін жеткізетін бір идеология қажет-ақ. Осы жерде тағы бір мәселенің ұшы шығады. Жалғызбасты ана статусы барлар қайтпек?!

Осы күні мектептерде тек дене шынықтыру пәнінен ғана ер мұғалімдерді көптеп көресіз. Басқа пәндерде некен-саяқ. Біз қайтсек те, осы олқылықтың орнын толтыруымыз керек.

– Бала оқытып жүрген мұғалім ретінде ата-аналармен де тығыз байланыстасыз ғой. Бұл мәселенің бір ұшы толық емес отбасылардың көбеюі, отбасында ер азаматтан әйелдің рөлі жоғары болуы да ықпал етіп жатқан болар. Ұяда көргенін ұшқанда ілетіні тағы бар ғой...

– Толық емес отбасылардың көбеюі – ең қиын мәселе. Бүгінгі күннің күйіп тұрған жағдайы. Ерлі-зайыпты ажырасқаннан кейін бала анасының қолында өседі. Әкесімен өтетін уақыт тым аз. Қиыншылық көрмейді емес, көреді. Әйел табыскер болып, ішіп-жемнен таршылық көрмегеннің өзінде әкенің тәрбиесі кемшін түсіп тұрады. Мектепті 100 пайыз ер мұғаліммен толтырсаңыз да, бұл мәселе бәрібір өзінің әсерін тигізеді. Негізгі тәрбиені бала отбасынан алады. Алладан тілейтініміз сол, барлық отбасылар толық болса екен.

Мектепте бұл бағыттарды қамтып, жоспарлы түрде әкелер мектебі, аталар мектебі қалыптасып, жиындар мен іс-шаралар өткізіліп тұрады. Өзім де ерікті түрде осындай кездесулерге араласамын. Әке мен баланың, ата мен немеренің арасындағы байланыс қалай? Міне, осы тұрасында әр әулеттен үлгі болатын аталар мен әкелерді шақырамыз. Солар арқылы басқаларға нағыз отбасылық қарым-қатынасты дәріптеп, үлгі етеміз. Толық отбасылардың өзінде әкесі баласына бос уақыт таба алмайтын да жағдай көп. Барлық жауапкершілікті әйеліне артып қойып, жүре беретіндер бар. Көпшілігі қолы бос болса да, баланың бар тірлігін анасына сілтейді. Оны ата-аналар жиналысынан да көруге болады. Отыз оқушының ата-анасының 2-3-еуінің ғана әкесі келсе, қалғанының бәрі – аналары. Осы кезде мектеп бітірушілер кешін ұйымдастыратын да, мұғалімге алғыс айтатын, өнер көрсететін де – тек аналары. Әкелер тасада қалып қойып жатыр. Біз бұл мәселенің барлығын «Бала тәрбиесі – әйелдің жұмысы, ұсақ-түйек мәселе» деп қарайтын сеңді бұзу арқылы шеше аламыз.

– Бұрын «әкеңнен сұран», «әкең біледі», «әкең бастасын» деген сөздің барлығы ауысып кетті дейсіз ғой. Сөзіңізден ұққаным, «бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайтынын» бүгінгі әкелер ескеріп жүрген жоқ сияқты...

– Қазіргі әкелердің көпшілігі спортпен шұғылданбайды. Бірақ спорттық ойындарға бәс тігумен айналысады. Жүгіріп қимылдамайды, бірақ плестейшн ойнап, саусақ қимылдатады. Бар уақыты мен бар тапқан ақшасын бала-шағасының аузынан жырып, зиян әдетке жұмсағандықтан шынында, отбасында бедел қалмай, балаға көрсетер өнегесі бола ма?

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан **Дәулет ҚЫРДАН**

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

Оның «Тұңғышымыздың тойы» деген әзіл әңгімесі қалам ұстаған қауымның назарын өзіне бұрған еді... Журналистиканың қай жанры да оған жат емес, әзіл әңгіме, проблемалық мақала, репортаж, қай-қайсысына салсаңыз да алмас кездіктей өткірлік танытады. Бұл жолы әріптесіміз Нұрбике Қазиқызының проза жанрындағы қысқа әңгімесін жариялап отырмыз.

Редакциядан.

МАЙОРДЫҢ КЕБІСІ

2006 жылдың қыс мезгілі маған ерекше сезілді. Сезілді дегенде аязда тоңып немесе үскірік үсірген жоқ. Қыстың қалқыған ақ бұлты, бұрқана соққан қарлы жел, аққудың қанаты секілді аппақ қардың өзі, суық сезімдей сезілетін аяз, әйнек секілді жалтыраған мұз... Міне, табиғат-керімнің осы сұлулығы көз алдымда қалыпты.

Көк аспанда бір-бірімен тізбектеле, тұтасып тұратын бұлттардың түсі суық, сұрғылт қалыпта. Сонда да қыстың сәнін келтіріп, ұлпадай аппақ қарын қара жерден аяған жоқ. Қаланың жүйткіген үздіксіз көліктерінен ауасы таза болған соң ба, әйтеуір түнгі қар жап-жарық. Құдды мақтадан аппақ дерсің. Қара жердің қаңтардан алған қарыс сыбағасын басуға қимадым. Күн түспесе де дала көз шағылыстырып тұр. Табиғаттың сұлулығын жұтқысы келді ме, әлде суықтан шөліркеді ме, есік алдындағы науадан қар жалаған сиырды көзім шалды. Әукесін аракідік астаудың жиегіне қасып қояды. Оны өзі ала болған соң «Ала сиыр» деп атаймыз. Өзіне бұл есімі ұнай ма, ұнамай ма, әйтеуір шақырғанда шалт келеді.

Қыс түскенде үйдегі соғым ет сүрленіп тұрған. Елегішке салынып, биікке ілінген еттің де сүйек-саяғы қалған іспетті. Жем-шөп, суару, өрістен іздеп әкеліп қораға қамау, мал қораның қоңсысын тазалау жұмыстарына бір адам байланбаса, бақпа төлдің де беймаза күйге түсері хақ. Одан өзге де қым-қуыт тірліктің түйіні бар, әйтеуір осы ала мандай қасқаны пышаққа түсіретін болып шешім қабылданды. Не заттың да жағасын аламын десең, есебін тауып бір жағына ойысатын әдеті емес пе?! Бұл тұяқты да жемді былғау үшін үйден жылы су әкелем дегенше көктегі бұлттай жөңкіліп, жоқ болып кетіпті...

Қас қарайып, аппақ қардың беті әбден ойқасталып, түн ауған шақта аяз түсті. Әлгінде күн райы кішкене жылынғандай болып еді, алдамшы екен. Жылқының сауырынан аққан тердей боп еріген қар суы мұзға айналған. Бет қаритын ақшұнақ аяз кәдімгі. Үйдегі жарықтың бәрі өшіп, сағаттың тілі ғана естіліп тұрған қараңғыда сыртқы есік қағылды. Жұқалтаң ақ киізбен қапталған ағаш есіктің ішкі темір ілгегі қоса қозғалғанынан суыт жүрген адамдай сезілді. Әкем қатқыл үнмен «Бұ кім, әй?!» деді. Сейіл-серуенде жүрген кісі деп қабылдау ойымызға келмеген сыңайлы, ондай уақыт та емес. Етікті кісі болса аяғының жүрген сықыры естілер еді-ау... Есіктің сыртқы тұтқасын ұстаған күйі тартқыштап, «Мен – майормын!» деді.

Түн жарымында шет аймақта жүргені де қызық екен. Әкем – қақпақ жауырынды қарулы кісі. «Есікті аш!» деді шегеден иіліп жасалған ілгекті нұсқап. Жиек-жиегінен аздап жел соғатын есікке жақындап, иілген тұсын жоғары көтеріп ем, сырттағы кісі өзі-ақ тартып ашты. Қарсы алдымда бойы ұзын, реңі қызыл-сары, самай шашы мен мұртына қырау қатқан азаматтық киімдегі кісі тұр.

– Рұқсат па?

– Рұқсат, жай жүрсіз бе?

– Тынығып жүрмін!

Даланың аязын елемейтіндей күйде. Сірә, су түстес «қымыздан» «мөлдіретіп» алғанға ұқсайды. Қос көзі – жел үрлеген шоқтай.

– Мен көшенің анау басындағы шипыры жоқ ақ тамда тұрамын. Жақында көшіп келдім. Майор погонымен пенсияға шықканмын. Тыныш жерде өмір сүргім келіп, осы үйді сатып алдық. Кемпірім, балам, келінім, немерелерім бар. Бүгін пенсиям түскен соң қыдырып жүрмін. Қайбір күні біреулерден өзіңіз туралы естігем. Естігенде қалай, сұрағанмын. «Осы теректің арасында кім тұрады?» - деп. Білетіндер «Үш балалы ер адам тұрады» деді. Сол өзің екенсің ғой.., – деп беймезгіл келген қонақ, әңгіменің «құлағын» бұрады.

Сағат тілі шай шығым уақыттан да, сүт пісірім уақыттан да асып барады. Қонақтың отырысы иіндеп тұрған сабадай. Әңгіме әл беріп жатқан сияқты, арасында даусын жөңкіп қояды. Түнгі екіден асқанда қайтуға жиналып, мәсісін кебісіне сүңгітіп жіберді де, тысқа шықты. Үй арасы алыс болса да «көрші» деп аңқылдап тұрғанын бекзадалық деп ұқтық. Әкем мал қора жаққа бір барып келді. Ала сиыр келмепті.

Таңертең майор тағы келді. Бұл жолғы рең-келбеті өзгеше, сөзі де басқаша. Қанша дегенмен, елдің ортасында халыққа қызмет еткен өз саласының маманы ғой.

– Түнде осы жерден шыққанда сәл-пәл есімді жинағандай болып ем, үйге қалай жеткенімді білмеймін. Айып етпесеңіз, бір сұрақ қояйын. Үйге мәсімен барыппын. Галошымның бір сыңары осында қалып кетпеді ме деп іздеп келіп едім...

– Жоқ, майор мырза, мұнда қалмады, жолды қарап көру керек, түсіп қалған шығар...

Екеуара диалог ұзаққа созылмады. Оған себеп екеуінің жаңа таныстығы болса керек.

Арада бір аптадай уақыт өтті. Соғымға соямыз деген сиыр сол күйі үйге оралмады. Шет аймақ, үйден әріректе канал, одан әрі елсіз дала. Жыңғыл мен шеңгелдің жабайы, сидамданып, талданып өскен түрінен адамға жүрер жол да қалмаған. Сонда да әкем екеуміз ертемен ала сиырды іздеуге шықтық. Бір ойымыз – даланың ашқұрсақ аң-құсына жем болуы. Екінші ойымыз – үміт. Осы үміт шырағы бізді күн райының суықтығына қаратпады. Үстімізге, аяғымызға бар қалың киім мен етікті киіп, үйдің артындағы жолсызға түстік. Жердің бетінде әлі де кебіс батарлық қар қалыңдығы бар. Ызғар қайтпаған, суық жел бетті қариды. Каналдың жағасында ескі қорым бар. Біз көшіп келгелі ешкімнің табаны тимеді. Тұсынан өтіп бара жатып бет сипағанымыз болмаса, қорымға көп жолай да бермейміз. Бұл жолы да сол әдетпен канал жағасындағы ойпаң жер арқылы каналдың ішіне түстік. Дәл қазіргі сәтте біз үшін ықтасын жер осы болып тұр. Қураған қамыс, қоғаларды таптай, мойын бұрмастан алға жылжыдық. Каналдың бұрылысына таяғанда көзіме қарға жартылай көмілген қара кебіс көрінді.

– Папа, папа, майордың галошын таптым! – дедім. Әкем кебіске қарап, жақын арада түскен сияқты. Сол кісінікі шығар, ала сал, жолай апарып берейік, – деді.

Сәл жүрген соң каналдың арнасы ел аузында «Комсомол» атауымен таныс қыстаққа қарай бұрылады. Біздің негізгі бағытымыз – Сталин каналының жағасы. Ол үшін осы каналдан кейінгі шолақ сайды асып түсіп, жазыққа шығуымыз керек. Бірақ біз майордың кебісін апарып беру үшін бұрылыстан жоғары көтерілдік. Алдымыздан ақ там көрінді.

Мақсатымыз мал іздеу болса да бағытымыз осылайша күрт өзгерді. «Жолсызға түскен жалғыз үйге неге көшіп келген?» – дедім ішімнен. Менің балалық ойым – полицияда жұмыс істеген адам бай, олар этажда тұруы керек. Не керек, мен өз ойыммен алысып келе жатқанда діттеген жерге де жеттік.

Ағаш шарбақпен қоршалған үйдің алдыңғы бөлігіне қарай бет алдық. Бөтеннің иісін сезді ме, есік алдындағы байлаулы ит те тынымсыз үре бастады. Үйдің есігі ішкі бөліктен ашылып, ақсары жүзді, бойшаң келген ер кісі шықты. Біздің қуткеніміз – майор еді...

Есікті ашты да екі көзі менің қолымдағы кебіске қадалды. Қозғалыссыз қалған оны әкемнің:

– «Ассалаумағалейкүм?» деген амандасуы селк еткізді.

– Уағалейкүмуассалам! – деп саулық сұрасты.

«Майор мырза үйде ме?» деген сұраққа жауап ала алмасақ та, үйге кіруге жол бастады. Дастархан басында жаулықты төбесіне тарта байлаған апа отыр. Келіні болу керек, ас бөлмеге қарай бағыт алды. Әлгінде бізді қарсы алған ұлы апасының жанына жайғасты да:

– Апа, бұл кісілер әкемді іздеп келіпті...

– А-а-а, не дейді?... (сәл үнсіздік). Шырағым, кім боласың?

– Мен – Қазимын! Қасымдағы – қызым.., – дей беріп еді...

– Е-е-е, Қази деген сенбісің?! Әнеугүні үйдегі кісі сөз етіп отырған. Іздеп келгеніңе рахмет, айналайын. Бірақ бұл үйдегі ағаңды мәңгілік жайына шығарып салдық, – деді де жаулығының жиегіне көз жасын сүртті.

– Е-е-е, өмір-ай! Айып етпеңіз, естімедім. Иманды болсын!

– Әмин!

Естіген қазаға көңіл айтып, үшкірлеу тұсы бедерсіз жылтылдаған кебістің сыңарын табыстап, келген ізімізбен кері қайттық. Үйге келсек, есік алдында ала сиыр астауға қасынып тұр...

Нұрбике ҚАЗИҚЫЗЫ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына авторлың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3425 Тапсырыс №1066

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН